ТҮРКІТІДЕС ЕЛДЕРДІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ТОҒЫЗЫНШЫ ОТЫРЫС

Нұр-Сұлтан, 2022-жыл 20-мамыр

«ПАНДЕМИЯДАН КЕЙІНГІ ЭКОНОМИКА: ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ»

ҰСЫНЫМДАР

Мүше елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты тереңдетуге өз бейілділігін **растай отырып**;

Елдер мен жаһандық әріптестер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін ұлттық экономикаларды қалпына келтіру және нығайту қажеттілігін **сезіне отырып**;

Шағын және орта кәсіпорындар мемлекеттік бюджеттерді қалыптастыруда негізгі үлесті құрайтынын және олардың тұрақты жұмыс істеуіне ықпал ететінін **назарға ала отырып**;

Әрбір мемлекеттің 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Жаһандық Күн Тәртібін орындауға және Тұрақты Даму Мақсаттарына қол жеткізуге бейілділігін **атап өте отырып**;

Шағын және орта бизнесті қолдаудың институционалды жүйесі экономиканың тұрақтылығына ықпал ететінін **түсіне отырып**;

Мемлекеттегі дұрыс және ұтымды экономикалық және салық саясаты жағдайында бизнеске берілген жеңілдіктер оның өркендеуіне және мемлекет кірісінің ұлғаюына әкелетінін **назарға ала отырып**;

Экономиканың әрбір секторындағы даму 4.0 Өнеркәсіптік Революциясымен күшейтілетініне **назар аудара отырып**;

Мемлекеттердің экономикалық саясатындағы жаңа тенденциялар және пандемия салдарымен байланысты жағдай экономикалардың жаһанданудан протекционизмге ауысуының жаңа тенденцияларын жүзеге асыратынын **ескере отырып**;

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің Парламенттері мен Үкіметтеріне мыналарды **ұсынады**:

– мүше мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастығына нұқсан келтірмей, ұлттық мүдделерді қорғау үшін экономикалық саясат пен басқару тәсілдерін қайта қарау;

– мемлекетті шағын және орта бизнес субъектілері мен олардың құқықтарының негізгі кепілі ету үшін барынша күш салу және нақты шаралар қабылдау;

– мемлекеттерде шағын және орта бизнесті нығайту үшін ШОБ өнімдерін экспорттық нарықта өткізу механизмін заңнамалық деңгейде әзірлеу және шоғырландыру;

– ШОБ дамыту мәселелері бойынша заңнамалық актілердің жобаларын әзірлеуге ШОБ субъектілерін тарту;

– арнайы бағдарламалар, қаржылық жеңілдіктер, консультациялар және т.б. әзірлеу және ілгерілету арқылы әсіресе ауылдық жерлерде және астаналық емес аймақтарда әйелдердің кәсіпкерлігін қолдау;

– ШОБ туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеу кезінде статистикалық мәліметтер мен зерттеулерді пайдалану;

– елдердегі ШОБ тұрақты дамуы мен өсуі үшін ақшалай несиелендірудегі Ислам банкингінің принциптерін қарастыру;

– елдердегі ШОБ үшін бизнес-кеңес беру қызметтерінің желісін ұлғайту;

– басқа елдердің ШОБ-ты қолдаудың озық тәжірибесін енгізу мүмкіндігін қарастыру;

– заңнамалық деңгейде шағын және орта бизнесті жүзеге асырудың мүмкін болатын салық мөлшерлемелері мен шарттарын белгілеу;

– мемлекеттік бюджетке түсетін салық түсімдерін ұлғайту үшін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне әділ салық салуды қамтамасыз ететін заңнаманы әзірлеу және енгізу;

– мемлекеттердің қабылдауы үшін пайдаланылуы мүмкін модельдік заңдар шеңберінде секторлар бойынша ШОБ туралы нақты тұжырымдамалық аппаратты (анықтамалар) әзірлеуге жәрдемдесу;

– сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету және бизнесті көлеңкеден шығару үшін экономиканы цифрландырудың заңнамалық және тәжірибелік құралдарын әзірлеу;

– ШОБ тауарларының әлемдік нарыққа шығуына көмектесу үшін ТүркПА-ға мүше мемлекеттер арасындағы экономикалық қызмет бойынша өзара әрекеттесудің қолданыстағы логистикалық жолдарын жақсарту және транзиттік дәліздердің жаңа жолдарын қайта қарау.

– «Астана» АХҚО негізінде Түркі әлемі елдерінің «Электрондық (цифрлық) сауданы дамыту» халықаралық қауымдастығын құру

– Түркі әлемі елдеріндегі нарық субъектілерімен, қауымдастықтармен және мемлекеттік органдармен Электрондық (цифрлық) сауданың бірыңғай платформасының жобасын әзірлеу

бойынша бірқатар консультативтік кездесулер мен семинарлар өткізу (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркия).

– Түркі әлемі елдерінің Электрондық (цифрлық) сауданың бірыңғай платформасының жобасын әзірлеу.

– Электрондық (цифрлық) сауданың бірыңғай платформасын дамыту және одан әрі ілгерілету бойынша Жол картасын әзірлеу.

– Электронды (цифрлық) сауданың бірыңғай платформасын сынақтан өткізу

– Түркі әлемі елдеріндегі қолданыстағы және перспективалық экономикалық, көліктік және транзиттік дәліздерді дамытудағы шектеулерді, кедергілерді анықтау бойынша халықаралық зерттеулер жүргізу.